

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 51 (9369) | 1954 жылғы 9 март Сейсенбі | Шығуына 35 жыл
және саны 20 тыйын.

ЕҢБЕКШІЛЕРДІҢ ШАҒЫМ-АРЫЗДАРЫ МЕН ДАБЫЛДАРЫНА ДЕРКЕЗІНДЕ ҚҰЛАҚ АСЫП ОТЫРАЙЫҚ

Көзір бүкіл еліміздің еңбекшілері сыяқты облысымыздың еңбекшілері де ауыл шаруашылығын, әсіресе, мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру және тың жерлерді игеру жөнінде партиямыз бен үкметіміз алға қойған міндеттерді жүзеге асыру күресіне жұмылды. Партия мен үкметтің халқымыздың материалдық әл-ауқатын және мәдени дәрежесін арттыру жөніндегі күнбе-күнді қамқорлығына бөленген облыс еңбекшілері коммунистік қоғам құру ісіне белсене қатысумен бірге, сын және өзара сын арқылы саяси, шаруашылық міндеттерді мүлтіксіз орындауға бөгет болып отырған кемшіліктердің бетін ашуға және оларды жоюға көмектесуде. Еңбекшілердің төменнен көтерілген сыны, шағым-арыздары мен дабылдары өз мүддесін қоғам мүддесінен артық санайтын, жұмысқа жанды басшылық ете амай, кемшіліктерге жәл беріп отырған кінәлі адамдарды әшкерелеуде жергілікті партия, совет ұйымдарына зор көмек көрсетеді. Міне, сондықтан да партия төменнен көтерілген сынға, еңбекшілердің шағым-арыздары мен дабылдарына деркесінде құлақ асып отыруды талап етеді. Алайда, кейбір кәсіпорындары мен шаруашылық, партия, совет ұйымдарының басшылары еңбекшілердің төменнен көтерілген сыны мен жұмыстарының кемшіліктерін әшкерелейтін шағымдарына, арыздарына жете мән бермей, олардың тексерімей, жауап қайтарымай ұзақ жатып қалуына жол беріп жүр.

Мәселен, Преснов ауданындағы Жамбыл атындағы колхоздың мүшесі Қ. Сыздықов жолдас 1951 жылдан 1953 жылға дейін колхозда қомбайншының көмекшісі болып істеген күндеріне тиесілі еңбекақысын осы уақытқа дейін ала алмай жүр. Ол бұл жөнінде аудандық прокуратураға да, аудандық халық сотына да арыз жазды. Бұл жөнінде Преснов аудандық Совет атқоміне Сыздықов жолдас арыз түскеніне де екі айға жуық уақыт өтті. Бірақ, аудандық Совет атқомі Сыздықов жолдас арызды қорытынды шығарып, оның колхоздан тиесілі еңбекақысын алуына ешқандай көмек көрсетпей отыр.

Тағы да бір мысал келтірейік. Совет аудандық атқару комитетіне аудан еңбекшілерінен келтірілген хаттар мен арыз-өтініштер түсіп жатады. Бірақ, ол хаттар мен өтініштерге кезінде жауап берілмей, ұзақ уақыт бойы жиналып қалып отырады.

Ленин атындағы және «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарында өткен жылғы көктемгі егіс кезінде жол берілген кемшіліктер туралы колхозшылар дабылдың Октябрь аудандық Совет атқоміне, оның председателі Мусин жолдас атына жіберілгеніне 9 ай болды.

Егер аудан басшылары төменнен көтерілген сынға құлақ асып, көктемгі егіс кезінде жол берілген кемшіліктердің сырын деркесінде ашқан болса, әрине алдағы уақытта аудан колхоздарында бұл сыяқты кемшіліктердің орын тебуіне жол берілмеген болар еді. Бірақ, аудандық Совет атқомінің басшылары тілші дабылына деркесінде құлақ аспады, сойтіп, редакциядан өткен жылғы 5 майда жіберілген тілшінің осы хатына күні бүгінге дейін ешқандай жауап бермей қойды. Міне, Мусин жолдас атына төменнен көтерілген сынға, еңбекшілердің дабылына қанағаттанбауының қарайтындығын осыдан-ақ көруге болады.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің совет саудасын оған әрі өркендетуге бағытталған қаулысында сатып алушыларды қамту ісін едәуір жақсарту, тұтынушылардың үздіксіз өмір сүретін тілектерін қанағаттандыруды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер атап көрсетілді.

Редакцияға түскен хаттарда тұтынушылардың талабына сай жұмыс істей алмай отырған сауда қызметкерлері жөнінде де сын пікірлер айтылады, сауда орындарының жұмысында байқалып отырған елеулі кемшіліктердің бетін ашуға көмектеседі.

Мынадай бір мысал келтірейік. Редакцияға түскен бір тілші дабылында Преснов ауданы, Ленин атындағы колхоздағы Баян селіпосына қарасты магазиннің сатушысы Аманжоловтың совет саудасын өрескел бұрмалап отырғандығы айтылған болатын. Аудандық тұтынушылар одағы бұл дабылға деркесінде құлақ асып, магазиннің жұмысын тексергенде хатта көрсетілген фактілерді анықтаумен бірге, сатушы Аманжоловтың 17 мың сом мемлекет қаржысын талан-таражға ұшыратқанын әшкереледі.

Бірақ, кейбір аудандық тұтынушылар одақтарының басшылары көп реттерде сауда орындарының жұмысын сыналған, кемшіліктері туралы хаттар мен арыз-өтініштерді тексеріп отырмай, ұзақ уақыт бойы жиналып қалып отырады.

14 март—ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күні

Жаңа табыстарға жету жолында

СОКП Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған Үндеуі біздің совхоз коллективінің жаңа өндірістік өрлеуін туғызды. Партияның шақыруына жауап беру үшін совхоз коллективі тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді сайлау күніне дейін толық аяқтауға, малдың күтімін жақсарту арқылы одан алынатын өнімді едәуір молайтуға міндеттеніп, өзара социалистік жарысқа түскен болатын.

Совхоз коллективі бұл уәделерін абыроймен орындап келеді. 1-мартта тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жоспары совхоз бойынша 100 процент орындалды.

Жөндеу жұмысы алғашқы күннен бастап тораптық әдіс бойынша жүргізілді. Жөндеуші механизмдер күндіз тапсырмаларын үнемі асыра орындауға жетісті. Мәселен, жөндеушілер: И. Фитерер, Н. Лукьянов, П. Шилкин, ұста Хронин, Шаль жолдасар мен токарь В. Вейс, Г. Кравченко жолдасар күндіз тапсырмаларын 120—140 проценттен кем орындаған емес.

Көзір жөндеуші-механизаторлар шөп шөптейтін және шөп жыйнайтын машиналарды жөндеуді қызу жүргізуде. Механизаторлардан мал өсірушілер де қалысар емес. № 1 сыйыр фермасында-

ғы сауыншы М. Дик жолдас өзіне бекітіліп берілген 12 сыйырдың әрқайсысынан екі ай ішінде 764 литрден сүт саууды. Сауыншы Ю. Тюненен жолдас осы уақыттың ішінде 10 сыйырдың әрқайсысынан 758 литр сүт алды. Сүт сауу жөнінде Бекішова, Сұраганова жолдасар да жақсы көрсеткіштерге ие болып келеді. Осындай қажырлы еңбектің нәтижесінде совхоз сүт сауудың өткен екі айлық жоспарын асыра орындады.

Бұзау күтуші А. Кузнецова жолдасқа бір жасқа дейінгі 28 бәсе бұзаулар бекітіліп берілген. Ол бұзауларды күту, азықтандыру жұмысын жақсартып отырып, февраль айында әрбір бұзаудың салмақ қосуын 1112 граммға жеткізді. Сөйтіп, бұл жөніндегі жоспарды 221 процент орындады.

Партия ұйымы алдағы уақытта өндірістік жаңа табыстарға жету үшін социалистік жарысты өрістете береді. Сөйтіп, совхоз коллективінің еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі бастамаларын үнемі қолдан отырады. Облыста алдыңғы қатарлы совхоз болу үшін совхоз коллективінің еңбекке деген ынта-жігерін арттыра беретін болады.

В. ЧЕШКОВ,
Мамлют совхозы партия бюросының секретары.

Еңбек бахтасында

Петропавл паровоз депосының коллективі ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын лайықты өндірістік тартулармен қарсы алу үшін күресуде. Сайлау күрметіндегі социалистік жарысты өрістете отырып, паровозшылар февраль айында паровоздарды жуып жөндеу жоспарын 100 процент, көтеріп жөндеу жоспарын 112,5 процент орындауға жетісті.

Депоның локомотив бригадаларының арасында ұдайы салмағы арттырылған поездарды жүргізу жолындағы социалистік жарыс кеңінен өріс алуда. Осы жылдың өткен екі айы ішінде паровозшылар 506 ауыр салмақты поездар жүргізді. Мұның нәтижесінде жүздеген тонна халық шаруашылығы жүктері жоспардан артық тасылды.

Кытта алған міндеттемелеріне лайық еңбек етіп жүр.

Машинист Демидов жолдас еліміздің алдыңғы қатарлы паровозшыларының бастамасын қызу қосып, поездарды үнемделген отынмен жүргізу жөнінде өзіне ұлғайтылған міндеттеме алғанды. Ол паровозды жақсы техникалық күтімде ұстап, февраль айында 3 поезды үнемделген отынмен жүргізді және осы айда 21 тонна отын үнемдеді. Көзір паровоз депосында 90-ға тарта локомотив бригадалары үнемделген отынмен жұмыс істейді.

Паровозшылар еңбектің озат әдістерін кеңінен қолданып, үздік табыстарға жетуде. Депода Ленинградтың «Электросила» заводы коллективінің өндіріс алаңын ұлғайттырған еңбекшілерінің қолдауымен жұмыс істейді.



Суретші И. Лугиннің монтағы.

ды. Хаттар мен арыздардың кейбіреулерінің иелеріне айдан артық уақыт жауап берілмейді.

Еңбекшілерден, ауыл-селолық тілшілерден жергілікті жерде байқалған кемшіліктер, оған жол беріп отырған кінәлі адамдар туралы редакцияға түскен хаттар кейбір реттерде фактісін анықтап, жол беріп отырған кемшіліктерді жоюдың тиісті шараларын қолдану үшін жергілікті партия, совет ұйымдарына, аудандық ұйымдарға жіберіледі. Бұл хаттардың көшілігіне редакция тиісті жауап алып, ол жөнінде хат авторларына деркөзінде хабарлап отырады. Дегенмен, кейбір аудандық ұйымдар тексеріске жіберілген хаттарға бюрократтықпен, жауапсыздықпен қарап, ол хат бойынша деркөзінде тексеріс жүргізіп, нәтижесін редакцияға хабарлап отырмайды. Мұндай жағдай, әсіресе, Преснов, Октябрь аудандық Совет атқомдері мен Приешім аудандық партия комитетінің тарапынан жиі кездеседі.

Өткен жылы декабрь айында Преснов ауданындағы Киров жетіжылдық мектебінің мұғалімі Б. Рамазанов жолдастан арыз түсті. Онда Рамазанов жолдас колхоз және жергілікті Совет басшыларының мұғалімдердің тұрмыс қажетін өтеуге жете мән бермей отырғандығын хабарлады. Міне, редакцияның газетке жарияланбай тексеріске жіберілген осы хаттың немен тынғандығын хабарлауды сұрап үш рет хат жазғанына қарамастан Преснов аудандық Совет атқомі бұл хатқа әлі күнге жауап бермей отыр.

Октябрь ауданындағы Ленин ауылдық Советі мен Ленин атындағы колхоз басшыларының колхозшылардың мәдени-тұрмыс қажетін тыңғылықты өтей алмай отырғандығы жөнінде аудандық Совет атқоміне өткен жылы октябрь айында бір хат, ноябрь айында бір хат жіберілді. Бұл жөнінде газетімізде редакцияға хат жарияланды. Ама! не, аудандық Совет атқомінің басшылары не колхозшылардың шағымына, не баспасөзде жарияланған сыңа осы уақытқа дейін құлақ аспай-ақ келеді.

САЛТАНАТТЫ МӘЖЛІС

Кеше, облыстық драма театр үйінде еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советінің қаланың партия, совет, комсомол ұйымдарымен және еңбекшілер қоғамдарымен басқосқан Халықаралық әйелдер күні — 8 мартқа арналған салтанатты мәжіліс болды.

Салтанатты мәжілісті еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советі атқомінің председателі М. Савин жолдас ашты.

БІЗДІҢ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

КОСТАНАЙ, 3 март. (ҚазТАГ). Костанай ауданы, Ленин атындағы колхоз облыста тың жерлерді игеру пионерлерінің бірі. Соңғы бесжылдық ішінде Ленин колхозы жазық даладан 1300 гектар тың жер жыртып. Өткен жылы жаңа жерлер колхоздың егістік жерлерінің алты бөлігінің біріне, ал, одан алынған астық — барлық жыйналған астықтың төрттен бір бөлігіне тең. Колхоздың қоғамдық кірісі

дабылдарға деркөзінде құлақ асып отырмайды. Сөйтіп, кейбір мағазин қызметкерлерінің советтік сауда тәртібін бұрмалауына тікелей жол береді. Бұлардың қатарына Мамлют, Ленин, Конюхов аудандық тұтынушылар одақтары қосауға болады. Дубровное селіосының жұмысты қанағаттанғысыз істеп отырғандығы жөнінде жазылған шағым Мамлют аудандық тұтынушылар одағына өткен жылғы февраль айында жіберілді. Ал, Конюхов аудандық тұтынушылар одағына өткен жылғы апрель айы ішінде жіберілген хатта «Жаңа тұрмыс» колхозында арнаулы сауда орны жоқ екендігі айтылып, колхозшылар колхозда арнаулы сауда орнын жабықтауды талап ететіндігі сөз болған. Бұл хаттардан аталған аудандық тұтынушылар одақтары тиісті қорытынды шығарған жоқ. Конюхов және Мамлют аудандық тұтынушылар одақтары төменнен көтерілген сыңа деркөзінде құлақ аспады, олар колхозшылардың қойған талапты орындау жөнінде тиісті шара қолданбады. Сөйтіп, еңбекшілерден түскен шағымдарды аяқсыз қалдырды.

Көзір еліміз социализмнен бірте-бірте коммунизмге өту дәуірінде отырған кезде еңбекшілердің мәдени-тұрмыс қажетін тыңғылықты өтеудің, өздерінің мұқтаждары мен талаптарын білдірген, шаруашылықтың қай саласында болса да байқалған кемшіліктерді әшкерелеп жазған шағым-арыздары мен дабылдарын аяқсыз қалдырмай, олардың тілегін тыңғылықты өтеп отырудың зор маңызы бар. Сондықтан партия, совет шаруашылық ұйымдарының басшылары еңбекшілер дабылына немқетті қарау сыяқты совет басшы қызметкерлеріне жат әдеттен дереу арылулары, төменнен көтерілген сыңа деркөзінде құлақ асып, одан тиісті қорытынды шығарып отыратын болулары керек. Сонымен бірге, олар өздері басқарып отырған ұйымдар мен мекеме қызметкерлерін еңбекшілердің шағым-арыздарына сын көзбен қарауға тәрбиелеулері, совет адамдарының төменнен көтерген сыңа аяқсыз қалдырмауды қатты талап етіп отыруға тиіс.

Салтанатты мәжілісте Халықаралық әйелдер күні — 8 март туралы Қазақстан КП облыстық комитетінің әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімінің меңгерушісі М. Морозова жолдас баяндама жасады.

Облыстық драма театрының коллективі мәжіліске қатысушылар үшін «Құдалық саяхаты» деген спектакль көрсетті.

1 миллион 330 мың сомға жетті. Еңбек күнінің ақысы салмақты тартты. Әрбір колхозшының үйіне, орташа есеппен алғанда, 80 центнер астық және 6 мың сомнан ақша келді. Нассонов, Осоеков, Жилин және басқа колхозшылардың семьялары 150—200, одан да артық центнерден астық алды. Басқа азық-түліктер мен ақша өз алдына,

рев, Слюнько, Бубенчик жолдастардың әрқайсысы үстіндегі жылы 35 — 40 ауыр салмақты есбасты жеткізуге міндеттенген болатын. ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын көрнекті тартулармен қарсы алу жолындағы социалистік жарысқа ұштасқан таңдаулы машинистер кәзіргі уа-

Сайлаушы әйелдердің жыйналысы

Жуырда қалада сайлаушы әйелдердің жыйналысы болып өтті. Оған 200-дей адам қатысты. Жыйналыста ҚКП қалалық комитетінің әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімінің меңгерушісі Шулгина жолдас «СОКП Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған Үндеуі және әйелдердің міндеттері туралы» баяндама жасады.

Баяндаманы және жарысөзде шығып сөйлеушілер қала әйелдерінің сайлау құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасып, көтеріңкі міндеттемелер алғанына, көзір сол міндеттемелерді аброймен орындау жолында қажырлы еңбек етіп жатқанына тоқталды.

Жыйналыста моторшы Саяфина жолдас тың айтқанындай, «Комсомолка» тігін

фабрикасының тігіншілері де сайлау құрметіндегі еңбек вахтасына тұрған. Халық тұтынатын товарларды көптеп шығару мақсатымен тігіншілер костюм тігуде жедел меңгеруде.

Ленин орденді мұғалімі Рыжикова, қалалық емхананың дәрігері Волейко жолдастар сайлаушы әйелдерді ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күні — 14 мартта сайлау урналарына ұйымдасқан түрде келіп, коммунистер мен партияда жоқтардың блогі ұсынған кандидаттар В. В. Губин мен Ж. Қ. Қизатов жолдастарға бірауыздан дауыс беруге шақырды.

Жыйналысқа қатысқандар «Жасаулы той» кинофильмін көрді.

А. РАМАЗАНОВ.

Образцовой МТС-і неге артта қалып келеді?

Образцовой МТС-і облысымыздағы трактор парк қуатты, ерте құрылған машина-трактор станцияларының бірінен саналады. Оның қамтуындағы колхоздардың жері Есіл өзенінің екі беткейін алып жатады. Бірнеше мың гектар жерді қамтытын бұл қара топырақты алаңдарда дөңді дақылдардың көп түрін өсіріп, одан мол өнім алуға толық мүмкіншілік бар.

МТС 8 ауылшаруашылық артелін қамтыды. Ол осы колхоздардың дәл орталығына орналасқан. Колхоздарға деркөзінде техникалық көмек беруге, олармен уақытты байланыс жасап тұруға жер орайы сондай қолайлы. Ең алыс деген колхоз МТС-тен 25 километрдей ғана. Колхоздардың түгелге жуығында телефон бар.

Басқа МТС-тер сыяқты, Образцовой МТС-не де мемлекет жыл сайын техника жағынан зор көмек жасай келеді. Соған қарамастан, соңғы жылдары МТС-тің колхоздарға көмегі нашар болып отыр. Осының салдарынан дөңді дақылдардың әр гектарынан алынатын өнімнің мөлшері 1952 жылғымен салыстырғанда 1953 жылы едәуір кем болды.

Осы МТС-тің қамтуындағы «Бірлік» колхозы 1950 жылы дөңді дақылдың әрбір гектарынан 13 центнерден өнім алған болатын. Бұдан кейінгі жылдарда аталған колхозда егіннен алынған өнім мөлшері азая берді. Мәселен 1951 жылы дөңді дақылдың әрбір гектарынан — 7,3 центнер, 1952 жылы — 6 центнер, ал, 1953 жылы — 5,5 центнер өнім алынды. Егіннен алынған өнімнің күрт төмендеуіне машина-трактор станциясы тікелей кінәлі.

Өйткені, ол колхозбен жасасқан шартта алған міндеттемелерін мезгілінде орындамады. Колхоз бойынша пар жырту жоспары 1950 жылы — 73 процент, 1951 жылы — 66 процент, 1952 жылы — 43 процент, ал, 1953 жылы — 41 процент қана орындалды. Зябь жырту жөнінде де дәл осыны айтуға болады.

Жыртылған парға агротехникалық күтім жасалмады, оған культивация жүргізілмеді. Солай бола тұрса да, көктемде ондай парға тұқым себіле берді. Күзгі күні тамырланып өскен арам шөптер керекті ыяғалды өзіне тартып, дөңді дақылдың сабақтанып, өсіп жетілуіне мүмкіндік бермеді.

Молотов атындағы колхозда да өткен жылы трактор жұмысының жылдық жоспары 80 процент қана орындалды. Мұнда пар жырту жоспарының орындалуы 28 проценттен, ал, зябь жырту жоспары 25 проценттен аспады. Осындай кемшіліктер МТС қамтуындағы басқа да колхоздарда орын алды.

Мал шаруашылығын өркендетуге Образцовой МТС-нің колхоздарға көмегі айтарлықтай емес. Егіс жұмыстарының орындалмағаны сыяқты, МТС колхозбен жасасқан шартта көрсетілген мал азығын әзірлеу жөніндегі міндеттемелерін кезінде орындамады. Колхоздарға берілген жоспарларға сәйкес техника күші бөлінбеді. Мұның ақыры мал азығын әзірлеу жоспарының орындалмауына әкеліп соқты.

Мәселен, «Бірлік» колхозы өткен жылы 54300 центнер мал азығын әзірлеуге тиіс еді. Осы колхозға екі кең алымды шөп машинасы, бір кең алымды тырнауыш берілді. Техника күшінің дұрыс пайдаланылмауынан 2 мың центнер шөп кіреде жатып, шіріп кетті. МТС колхоз бойынша мал азығын әзірлеу жоспарының 33 процентін ғана орындады.

Көзір мал қыстатудың ең жауапты кезіндегі ішкімі бастамасын қызу қолдау тапты. Жолаушы паровоздарын жөндейтын Меуштанов жолдас басқарған бригада Ленинградтықтардың бастамасы бойынша жұмыс істеп, февраль айында көтеріп жөндеуден бір паровозды жоспардағыдан артық шығарды.

Б. ОСИПОВ.

Депутаттыққа кандидаттардың сайлаушылармен кездесуі

Депутаттыққа кандидаттар В. В. Губин және Ж. Қ. Қизатов жолдастар қаладағы ет-қонсоры комбинатының клубында өздерінің сайлаушыларымен кездесті. Бұл кездесуге комбинаттың жұмысшылары мен қызметшілері және басқа сайлаушылары қатысты.

Кездесу жыйналысын қалалық партия комитетінің секретары М. Попов жолдас ашты. Бұдан кейін жұрт сенген өкілдер Целищев және Мишуклов жолдастар сайлаушыларды ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттар В. В. Губин және Ж. Қ. Қизатов жолдастардың өмірбаянымен, қоғамдық саяси қызметтерімен таныстырды.

Бұдс-жәшік жасау цехының шебері Тимеев жолдас цех коллективінің сайлау құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасып, өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алғанын, бұл күндері сол алған міндеттемелерді аброймен орындау жолында қажырлы еңбек етіп жатқанын айтты. Цех коллективі күндік нормасын 164 проценттен

орындап, жоғары сапалы өнім беруде.

—Тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі Москва комсомолдерінің бүкіл совет жастарына үндеуін біздің комбинаттың комсомолдері мен жастары асқан зор еңбектегі өрлеу үстінде қарсы алды — деді жас сайлаушы Дубровко жолдас. Бұл үндеуге жауап ретінде біздің коллективтің 50 комсомолдері мен жастары механизатор мамандығын меңгеріп, тың және тыңайған жерлерді игеретін колхоздар мен совхоздарда жұмыс істеуге тілек білдірді. Олар көзір механизаторлар даярлайтын курстарда оқып жүр. Дубровко жолдас ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы — 14 март күні халық қалаған кандидаттар В. В. Губин және Ж. Қ. Қизатов жолдастарға бірауыздан дауыс беруге шақырды.

Депутаттыққа кандидаттар В. В. Губин және Ж. Қ. Қизатов жолдастар өздерінің сөзінде сайлаушылардың көрсеткен зор сенімі үшін алғыс айтып, халық сенімін орындау жолында барлық күш-жігерлерін жұмсайтындықтарын білдірді.

зеңі туды. Бірақ, МТС тарапынан колхоздарға нақтылы көмектің болмауынан жекелеген колхоздарда мал шығыны да жоқ емес.

«Бірлік», «Еңбек», Калинин атындағы және басқа колхоздарда мал азығын тасу жұмыстары дұрыс ұйымдастырылмаған. Фермаларда мал азығының бір күндік те қоры жоқ. Мал азығын тасуға трактор күші жете пайдаланылмайды.

Қоғамдық мал шаруашылығындағы мұндай төзбестік жағдайға МТС басшыларымен бірге колхоз председателдері де кінәлі. Өйткені, олар мал қыстатуға жете мән бермейді, бұл іске қолда бар мүмкіншілікті толық пайдаланбайды, сойтіп, өздерінің зор жауапкершіліктерін естен шығарады.

Кейбір колхоздардың председателдері тек өздерінің көпжылдық жұмыс тәжірибесіне ғана сүйеніп, теориялық білімдерін көтеруді, шаруашылыққа озат ғылым мен тәжірибенің соңғы жаңалықтарын енгізуді қажет деп таныпайды. Мысалға «Еңбек» колхозының председателі К. Үмітбаев жолдас алайық. Үмітбаев жолдас көп жылдардан бері колхозда председател болып істейді. Ауылшаруашылық артелін басқаруда оның біраз тәжірибесінің бары да рас. Бірақ, Үмітбаев жолдас өзінің тәжірибесіне масаттанып, басшылық етудің ескі әдісін дәріптейді. Өзінің білімін көтерумен шұғылданбайды. Колхозды әлі де, болса бұрынғы, көне әдіспен басқарғысы келеді. Озат жұмыс әдістеріне тез құлақ асып, оны колхоз өндірісіне енгізуге белсене атсалыспайды. Осындай себеппен, колхозда мал азығын булағыш көптен бері жұмысқа қосылмай, ферма жанында жатыр. Бірақ, техниканың босқа жатқанына Үмітбаев жолдас қыңжылар емес.

МТС-те көктемгі егіске әзірліктің бастары өте баяу. Осы күнге дейін тракторлардың 40 проценті жөндеуден өткізілген жоқ. Мұның себебі не? Алдымен жөндеу мастерскойы жұмысқа

өте көш, тек ноябрь айының ішінде ғана қосылды. Шын мәнінде жөндеу жұмыстары декабрь айынан басталды. Жөндеу жұмысына қажетті қосалқы бөлшектер кезінде жеткізілмеді. Оның үстіне жөндеушілер арасында еңбек тәртібі дұрыс ұйымдастырылмаған.

Колхоздарда қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыру қанағаттанғысыз. Картоптың, көпжылдық және біржылдық екіле шөптердің тұқымы жетіспейді. Бірсыпыра колхозшылардың, тіпті колхоз басшыларының өздерінің картопты шаршы-ұялы әдіспен отырғызу жөнінде ешқандай ұғымы жоқ.

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі тың және тыңайған жерлерді игеру міндетін қойып отыр. Бұл абройлы міндетті жүзеге асыруда машина-трактор станциялары зор роль атқарады. Образцовой МТС-нің қамтуындағы колхоздарда 16200 гектар тың және тыңайған жер бар. Мұның 4500 гектары үстіндегі жылы игерілуі керек. Осыны шалықты тың және тыңайған жерлерді игеру міндеті — МТС-тің оған жақсы әзірлік жүргізуін талап етеді. Ал, МТС-те әзірге мұндай әзірлік көрінбейді.

Бұл МТС-тің жұмысындағы осы сыяқты кемшіліктер аудандық партия комитетіне әбден мәлім. МТС-тің жұмысы жөнінде аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде, пленумдарда арнаулы мәселе қойылып, тиісті қаулылар да қабылданды. Бірақ, аудандық партия комитеті өзінің қаулысының орындалуын бақылау ісін қамтамасыз ете алмай келеді.

Образцовой МТС-де және оның қамтуындағы колхоздарда СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қаулысын орындауға керекті мүмкіншіліктердің бәрі бар. Әңгіме МТС, колхоз басшыларының осы мүмкіншіліктерді іске сарқа пайдалана білулерінде болып отыр.

М. НУРПЕЙСОВ,

Ленин ауданы. (Арнаулы тілшіміз)

Үгітшілерге көмек

Совет азаматтарының праволары мен міндеттері

Совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен шаруашылықтың барлық саласында жаңа, зор табыстарға ие болып келеді. Бұған ССРО Министрлер Советі жанындағы Орталық статистика басқармасының «1953 жылы ССРО халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын орындаудың қорытындылары туралы» хабары толық дәлел бола алады. ССРО-ның барлық өнеркәсібінің жалпы өнімі 1953 жылы 1952 жылғымен салыстырғанда 12 процент, ал 1950 жылғымен салыстырғанда 45 процент артты. Ауыл шаруашылығы саласында да осындай едәуір табыстарымыз бар. 1953 жылғы өгіс көлемі 1952 жылғымен салыстырғанда 1 миллион 400 мың гектар ұлғайтылды. Өнеркәсіптің және ауыл шаруашылығының шарықтап өсуіне байланысты совет халқының материалдық және мәдени тұрмысы да жақсара түсуде. ССРО-ның ұлттық табысы 1953 жылы 1952 жылғымен салыстырғанда 8 процент артты. Халық тұтынатын товарлардың бөлшек сауда бағасының соңғы кемітудінен халықтың көрген пайдасы орасан зор.

Совет азаматтарының қол жеткен табысы ССРО Конституциясында айқын көрсетіліп, заң жүзінде баянды етілген. Бұл баянды етілген табыстар — совет азаматтарының творчестволық ерлік еңбегінің, жұмысшы табы мен шаруалардың берік мызғамас одағының, халқымыздың туыскандық достығының нәтижесі.

ССРО Конституциясы совет азаматтарының праволарын: еңбек ету, демалу, қартайғанда, ауырғанда және жұмысқа жарамай қалғанда материалдық қамтамасыз болу, білім алу праволарын баянды етті. Осы праволардың жүзеге асырылуы — социализмнің негізгі экономикалық заңының айқын көрінісі болып табылады.

Совет азаматтарының ең күрделі табыстарының бірі — еңбек ету правосына ие болуы. Конституция бойынша совет адамдарының халық шаруашылығының сүйген салаларында еңбек етуіне правосы бар. Олар жұмыстың саны мен сапасына қарай еңбекақы алады.

Советтік социалистік шаруашылық үнемі жоспар бойынша ұлғайып, дамып келеді. Жыл сайын жаңа заводтар, фабрикалар, басқа да өнеркәсіп орындары салынып, пайдалануға беріледі. Совхоздар мен МТС-тердің қатары көбейіп, олар ұйымдық-шаруашылық жағынан үздіксіз нығайтылуда. Мұның барлығы бізде еңбек адамдарының бұрынғыдан да көп болуын талап етеді. Осыған байланысты жұмысшылар мен қызметшілердің саны үздіксіз көбейіп келеді. 1928 жылы ССРО да 11,6 миллион жұмысшы және қызметші болса, 1952 жылдың аяғында 41,7 миллион жұмысшы, қызметші болды, ал, 1953 жылы оның саны 44,8 миллионға жетті.

Совет Үкметі совет азаматтарының еңбек ету правосын жүзеге асырумен қамтамасыз болуына зор көңіл бөліп отыр.

правосы да ССРО Конституциясында заң болып баянды етілген. Совет Үкметі совет азаматтарының дем алып, тынығуына толық жағдай туғызып отыр. Дем алу правосы аптасында бір күн және жыл сайын ақылы демалыс беру арқылы, сондай-ақ азаматтардың курорттарда, санаторийлерде мәдениетті тынығуына жағдай жасау арқылы қамтамасыз етіледі. 1952 жылдың өзінде ғана елімізде төрт жарым миллионнан аса адам өздерінің дем алысын курорттарда өткізді. Өткен жылдың алғашқы 10 айының ішінде біздің Солтүстік Қазақстан облысынан курорттарда 700 адам, демалыс үйлерінде 1500-ге жуық адам тынықты. Бұдан тыс 3 мыңға жуық оқушы пионер лагерлерінде болды.

Еңбекшілерге арналып елімізде 127 мыңнан аса мәдениет сарайлары мен мәдениет үйлері, клубтар, оқу үйлері, 100 мыңнан аса қызыл мүйіз, 366 мыңнан аса кітапхана бар. Олардың кітап қоры 830 миллион данадан асады.

Азаматтардың материалдық жағынан қамтамасыз болу правосы негізінен социалистік қамсыздандыру системасы арқылы жүзеге асырылады. Колхоздар мен қол-өнер кооперацияларында материалдық қамтамасыз болу правосы артельдің жыл-ма-жылғы табысынан қаржы бөлу жолымен жасалған арнаулы қордың есебінен қамтамасыз етіледі.

Біздің елімізде тұрғын үй құрылысын бұрын болып көрмеген қарқынмен өрістетілуде, емдеу орындарының, санаторийлердің, демалыс үйлерінің, балалар мекемелерінің сәттері жыл санап кеңейтілуде.

Мұның бәрі совет азаматтарының жұмыстан кейін және демалыс уақытында ССРО Конституциясында баянды етілген дем алу правосын іс жүзінде орындауына толық жағдай жасалғанын дәлелдейді.

Капитализм елдерінде жағдай мүлдем өзгеше. Жұмысшылар, әресе, жас балалар аз жалақы алып, күніне 12—14 сағатқа дейін жұмыс істейді. Олар тынығу правосын пайдаланбайды. Мысалы, АҚШ-тағы еңбекшілер тегін дәрігерлік көмек алу, санаторийлерде, демалыс үйлерінде дем алудың не екенін білмейді. Онда ауруханалар, дәрігерлер жетпейді. АҚШ-тың денсаулық орындарын басқаратын Юскар Юнг жақында сөйлеген сөзінде АҚШ-та дәрігерлік жәрдемің жоқтығынан жылына 350 мың адамның өлетінін мойындаған. Өйткені, ақмыл дәрігерлік көмек алуға АҚШ еңбекшілерінің қаржысы жетпейді.

Советтік социалистік демократия совет азаматтарының барлығына бірдей оқып, білім алу правосын толық қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта ССРО-да оқып жүрген адамның саны 57 миллионға жуық болып отыр. 887 жоғары дәрежелі оқу орындарында 1 миллион 400 мың ер және әйел балалар оқып жүр. Яғни, бізде әрбір 4 адамның біреуі оқиды. Бесжылдықтың аяғында республикалардың астаналарында, республикаға бағы-

бек етіп, совет ғылымын жаңа зерттеулер және ғылыми жаңалықтармен байытуда. Миллионнан аса әйел жоғары және орта оқу орындарында оқып жүр. 1952 жылы советтік Қазақстанда жоғары оқу орындары мен техникумдарда отыз мыңнан аса қыз оқыды. Тек соңғы үш жыл ішінде ғана жеті мыңдай қыз Қазақстанның жоғары оқу орындарын бітіріп, диплом алды.

Біздің елде әйелдердің еңбегі ерлердің еңбегімен бірдей жоғары бағаланады. 2234 әйелге Советтер Одағының Батыры және Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. 741 әйел Сталиндік сыйлықтың лауреаты деген құрметті атақ алды. 800 мыңдай жұмысшы әйелдер мен колхозшы әйелдер, мамандар, ғылым мен искусство саласының қызметшілері Совет Одағының ерденерімен, медальдарымен наградталды.

Капиталистік елдердегі әйелдердің хал-жайы өте ауыр. Бірқатар капиталистік елдердегі әйелдердің сайлауға, сайлануға правосы жоқ. Жұмыс көлемі бірдей болса да, әйелдер жалақыны ерлердің жалақысынан аз алады. Мысалы, АҚШ-та жұмыстағы 17 миллион әйелдің 40 проценті жұмыстың уақытты, көлемі бірдей болса да, жалақыны ерлерден кем алады. 33 штатта заң бойынша әйелдердің заң орындарында қызмет істеуіне, 27 штатта ер болып қызмет істеуіне правосы жоқ. Капиталистік елдерде осы сияқты көптеген заңдар әйелдер еркіне қарсы бағытталған.

Совет азаматтары ұлты мен нәсілі қандай болса да, тең праволы. Бізде барлық ұлттар мен нәсілдердің туыскандық достығы, бірлігі нығай түсуде.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі лениндік-сталиндік ұлт саясатын дәйектілікпен жүзеге асыра отырып, бұрын экономикалық жағынан артта қалған республикалардың қызу қарқынмен өркендеуін қамтамасыз етуде. Лениндік—сталиндік ұлт саясатының жеңісі арқасында, ұлы орыс халқының және басқа да халықтардың туыскандық көмегі арқасында советтік Қазақстан артта қалған көшпелі елден, халқы түгелдей дерлік сауатсыз елден, ССРО-ның алдыңғы қатарлы советтік республикаларының бірі болып отыр.

Қазақ ССР-да жаңа техникамен қаруланған қуатты өнеркәсіп орындары (Шымкент, Төкелі қорғасын заводтары Лениногор және Алтай түсті металл комбинаттары тағы басқалары) құрылды. Темір жолдың ұзын бойы анағұрлым артты. Қазір Қарағанды магистралы, Түрксіб темір жолы мен жалғастырылатын Мойынты-Шу жолының құрылысы аяқталып, пайдалануға беріліп отыр. Алматы, Семей, Петропавл, Орал және басқа қалалар тамақ және жеңіл өнеркәсіптің ірі орталықтарына айналды. Қазақстанның социалистік мәдениеті жылдан жылға өсіп келеді.

Дегенмен, Қазақстанның ауыл шаруашылығында көп кемшіліктер бар. Ол кемшіліктерді жою шаралары СОКП Орталық Комитетінің сәуір Пленумы қа-

Украин халқының ұлы ақын

(Т. Г. Шевченконың туғанына 140 жыл толуына)

Украинаның ұлы ақыны, революционер-демократ Тарас Григорьевич Шевченконың туғанына 140 жыл толды. Өзінің ұлы талантын, бойындағы бар қайрат-жігерін еңбекші халықтың бақытты өмірі үшін, ерікті бостандығы үшін күреске жұмсаған бұл ұлы күрескердің туған күнін бүкіл совет халқы атап өтуде.

Шевченко өмір сүрген дәуір Россияда помещиктік-крепостнойлық режимнің барған сайын құлдырап, шаруалар көтерілісінің кең өріс алған кезеңі болатын. Ұлы ақынның жастық шағындағы өмірі, басынан өткізген кезеңдері өзі өмір сүрген кездегі Россия халқының азаттық күресінің айғағындай. Ол өзінің бар талантын халық мүддесіне арнап, еңбекшілердің азаттық қозғалысының жыршысы болған адам. Ұлы ақынның поэзиясы Россиядағы азаттық қозғалысымен тығыз байланысты. Оның жалынды жырлары тек украин халқына ғана арналған жоқ. Ол өзінің өлеңімен ұлы орыс халқымен дағдыларын қосқан барлық халықтардың бостандық алуы үшін, олардың бақытты өмірге жетуі үшін қызмет етті.

Шевченконың творчествосы өзі өмір сүрген дәуірдегі ең озат идеядан нәр алды. Орыстың ұлы революционер-демократтары Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов украин халқының ұлы ақынына өте зор әсер етті. Ол бұл ұлы күрескерлермен бірге царизмге және крепостнойлық құрылысқа қарсы халық күресінің ең алдыңғы сапында болды.

Украин халқының кемеңгер ұлы Т. Г. Шевченко орыстың революционер-демократтарымен тығыз бірлесе отырып, езушілерге қарсы терең өшпенділік сезіміне бөленген өзінің шығармаларымен украин халқының ұлттық және әлеуметтік сана-сезімін дамытуда орасан зор роль атқарды. Өз Отанының даңқты тарихын шыншылдықпен жырлап, ұлы ақын Украинаның Россиямен қайта қосылуының тарихи маңызы барлығын, бұл қосылу барлық украин халқының өз еркін білдіргендігінің бейнесі екендігін және ол украин халқы жүргізген азаттық күресінің нәтижесінен туандығын өзінің жырларында айқын көрсетті.

Шевченко өзінің жас кезіндегі творчествосында поляк пандарына қарсы Боғдан Хмельницкийдің басшылығымен украин халқының жүргізген күресін және Украинаны Россиямен қайта қосу туралы Перяслав Радасының қарарын зор мадақтаумен жырлаған болатын. Мәселен, Шевченко өзінің «Никита Гайдай» трагедиясында Боғдан Хмельницкийдің көмекшілері Никита мен Марьяның образдарын зор сүйспеншілікпен суреттеді. Ұлы ақын Никитаның образы арқылы барлық славян халқы езушілерге қарсы күреске және өз дағдыларын біріктіруге шақырды.

Шевченко өзінің творчествосында Украинаның ұлт-азаттық қозғалысын жырлап, өз жырларындағы образдар арқылы украин еңбекшілерін езушілерге

нымен бірге, ұлы ақын өзінің бұл поэмасында Сибирьге айдалған декабристердің шеккен азабын еске түсіреді.

Ұлы ақынның «Кавказ» атты поэмасы оның творчествосындағы елеулі шығарма. Шевченко бұл поэмада украин шаруаларының ауыр халін зор шыншылдықпен суреттеп, император Николай І-нің жауыздығы мен зұлымдығын өлтіре өшкерелеген болатын.

Кемеңгер ақынды Николай І-ші өтірік сылтаумен тұтқынға алып, Орынбор даласына жер аударды. Шевченко бұл жапан түздегі қамалда жеті жылға жуық уақыт болды. Бірақ, жалынды революционер-демократ ақынның жігерін бұл сыяқты қудалаушылық мұқалта алған жоқ. Ол өзінің жалынды жырларымен, реалистік суреттерімен халықты күреске шақырды. Ол кезде патша өкіметінің және қазақ байларының екі жақты езушілігінде болған қазақ халқының ауыр тұрмысын көзімен көрген Шевченко, олардың өмірін, мұң-зарларын өзінің творчествосында зор шыншылдықпен көрсетті.

Т. Г. Шевченко орыстың ұлы революционер-демократы Н. Г. Чернышевский басқарған орыстың революциялық-демократиялық үйірмелерімен тығыз байланысты болды. Ол Чернышевский мен Добролюбовтың өмірін халыққа еңбек етудің үлгісі деп есептейтін. Өмірінің соңғы жылдарында орыс халқының осы екі кемеңгер ұлымен тығыз байланысып, олардың революциялық идеяларын өз жырларының өзегі етті.

Ұлы сыншы Н. А. Добролюбов Шевченконың творчествосын нағыз халықтық творчество деп бағалаған еді. Ұлы ақынның жырлары халықтық әдебиеттен нәр алған, халық үшін қызмет еткен шығармалар болды. Ол өзінің жырларымен украин халқының сол кездегі ауыр өмірін суреттеп, оларды езушілерге қарсы күреске шақырды. Бірақ, Шевченко тек Украинаның ұлт ақыны болып қойған жоқ, ол патшалық Россияның барлық халықтарының азаттық күресінің жыршысы болды.

Буржуазияшыл-ұлтшылдар Шевченко творчествосының революциялық маңызын, оның ұлылығын кемітпек болып, жалынды революционер ақынды тек Украинаның ұлт ақыны болды деп көрсетуге тырысты. Олар ұлы ақынның интернационалистік шығармаларын бұрмалап, оның украин және орыс халқымен достығын жырлаған шығармаларын, оларды жалпы бір мақсатқа күресуге шақырған жырларын жоққа шығаруға тырысты.

Украин халқының ұлы ақыны Т. Г. Шевченко Украина мен Россияның мызғамас бірлігінің қорғаушысы болды. Ол орыс мәдениетінің озат қайраткерлерімен бірге самодержавиялық-крепостниктік системаға қарсы, украин ұлтшылдары мен либералистерге қарсы күресті, орыс және украин ұлттық мәдениетінің тығыз байланыстылығының жаршысы болды.

БОЛГАР КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫ

СОФИЯ, 4 март. (СОТА). Бүгін Болгар Коммунистік партиясының VI съезі сайлаған БКП Орталық Комитетінің пленумы болды. Пленум БКП Орталық Комитетінің саяси бюросының мүшелері етіп Вылко Червенковты, Георгий Дамяновты, Антон Юговты, Георгий Чанковты, Райко Дамяновты, Тодор Живковты, Георгий Цанковты, Енчо Стайковты, Иван Михайловты, саяси бюросының мүшелігіне кандидаттар етіп Тодор Праховты және Петр Панчевскийді сайлады.

Орталық Комитеттің секретарьлары болып Тодор Живков (бірінші секретарь), Димитр Ганев және Борис Тасков сайланды.

Орталық бақылау комиссиясының председатели болып Иван Илчев бекітілді.

Бүгін БКП Орталық тексеру комиссиясының мәжлісі болды. Комиссияның председатели болып Йордан Катранджиев сайланды.

ССРО мен АЛБАНИЯ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АРАСЫНДА 1954 ЖЫЛЫ ӨЗАРА ТОВАРЛАР АЙЫРБАСТАУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЮ

6 мартта, Москвада 1954 жылы Совет Одағы мен Албанияның Халық Республикасының арасында өзара товарлар айырбастау туралы келісімге қол қойылды.

Осы келісім бойынша, Совет Одағы Албанияға әдеттегі шығарылып тұрған товарларды беріп тұратын болады.

Мұнымен бірге, 1954 жылы мұнай бұрын жасасқан келісімдер бойынша, Совет Одағы Албанияға қарызға өнеркәсіп жәсіпорындары үшін комплекттік жабдықтар беретін болады, сол сияқты, осы жәсіпорындарының құрылысында және геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізуде Албанияға техникалық көмек көрсететін болады.

Өткен жылдардағыдай Албания Совет Одағына мұнай, битум, мыс, фанера, темекі және басқа товарлар беріп тұратын болады.

АВСТРИЯДА ҒЫЛЫМНЫҢ ҚҰЛДЫРАУЫ

ВЕНА, 5 март. (СОТА). Австрия ғылымы құлдырау дәуірін басынан кешіруде. Бұл фактіні тіпті үкметтік партиялардың газеттері де мойындауда.

«Нейе виннер тагесцейтунг» газеті мақала жариялады, онда көзіргі уақытта Австрияда мәдени мұқтажға ұлттық кірістігі 0,01 проценті ғана жұмсалып отырғандығын атап көрсетеді.

Газеттің мәліметтеріне қарағанда, Австрияның жоғары дәрежелі оқу орындарында кафедралардың саны қысқарған. 1932 жылдан бері елдің институттары мен университеттеріндегі профессорлардың және оқытушылардың саны 25 процент кеміген. Австрия — арнаулы ғылыми-зерттеу институттары жоқ дүние жүзіндегі азғантай елдердің бірі болып табылады. Ғылым академиясы өзінің жұмысы үшін қайыршыға берілетін са-

тар, олардың білімін көтергі, мамандығын арттыруға керекті жағдайдың барлығын жасап отыр. Еңбекшілер қысқа мерзімді курстар және мектептер арқылы жұмыстан қол үзбей оқып, өздерінің мамандығын арттыруда. Мәселен, 1953 жылы қолөнер, темір жол, тау-кен училищелері, ФЗО мектептері арқылы 320 мың жас жұмысшылар дайындалып шығарылды. Ал, қысқа мерзімді курстар арқылы 7,5 миллион совет азаматтары оқып, өздерінің мамандық дәрежесін арттырды.

Еңбек өнімділігінің, техника қуатының артуына және еңбекшілердің өндірістік мамандығының жақсаруына байланысты, олардың жылдық табысы үздіксіз артып келеді. Жұмысшылардың жылдық табысы 1951 жылы 1940 жылғыдан шамамен 57 процент, шаруалардың табысы шамамен 60 процент артты. Бесінші бесжылдық жоспар бойынша жұмысшылар мен қызметшілердің нақты еңбекақысы кемі 35 процент, ал шаруалардың табысы кемі 40 процент артауы болады. Мұндай жағдай тек біздің Советтік социалистік елімізде ғана бар.

Капитализм елдерінде мәселе керісінше. Заводтар, фабрикалар, темір жолдар және басқа өндіріс орындары жеке капиталистердің меншігінде. Олар жұмысшы табының мүддесін қорғайды, өзінің жеке басының ғана қамын ойлайды. Жұмысшылардың материалдық жағдайын мейлінше төмендетіп, жұмыссыздықтың санын көбейтеді. Осыдан кейін аз жалақыға жұмыскер күшін сатып алуға өздеріне қолайлы жағдай туғызады.

Соңғы уақыттарда капитализм елдерінде соғыс құралдарын жасайтын өндіріс орындары көбейіп, халық үшін көпшілік қолды товарлар өндіретін өндіріс орындары мейлінше азайды. Бұл жағдай оларда жұмыссыздықтың санын көбейтуге әкеліп соғып отыр. Үстіміздегі жылдың басында АҚШ-та толық және жартылай жұмыссыздықтың саны 13 миллионға жетті. Барлық жұмысшының санымен салыстырғанда Бельгияда жұмысшылардың 6,9 проценті, Данияда—12,5 проценті, Италияда—16 проценті толық жұмыссыз, Индияда бұрынғы тоқыма өндірісінде жұмыс істеген 160 мың жұмысшы, Англияда—150 мың, Жапонияда—130 мың жұмысшы жұмыс таба алмай жүр.

Еңбек ету правосы сыяқты тынысу

аға ірі өнеркәсіп орталықтарында жеті-жылдық білім алудан жалпыға бірдей орта білім алуға көшу, орта мектептерде политехникалық оқуды жүзеге асыру міндеті кәзірдің өзінде-ақ жүзеге асырылауда. Таяудағы жылдарда барлық қалаларда және ауыл-селолық жерлерде жалпы орта білім алуға көшу жүзеге асырылмақ.

Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін облысымызда орта, жоғары мектеп тіпті болмады. Ал, азғана бастауыш мектептерде бай, әлді адамдардың балалары оқыды. Жұмысшы, кедей шаруалардың балалары мектептің не екенін білмеді. Ол кезде облыстың халқы жаппай сауатсыз еді. Кәзір облысымызда оқытушылар дайындайтын институт, 6 техникум, көптеген орта, жеті жылдық және бастауыш мектептер бар. Оларда мыңдаған адам оқыды.

ССРО Конституциясы әйелдердің ерлермен тең правосылығын қамтамасыз етті. Совет әйелдерінің ерлермен бірдей еңбек етуге, еңбегіне ақы алуға, демалыс алуға, материалдық қамтамасыз болуға, білім алуға правосы бар. Совет әйелдері бүкіл халықтық социалистік жарысқа белсене қатысады. Ол жарыста жаңа табыстарға жету жолында аялбай еңбек етеді, өздерінің барлық күшін коммунизм орнату ісіне, Отан игілігіне жұмсайды.

Совет мемлекетін басқаруда әйелдер орасан зор роль атқарады. Соңғы өткізілген сайлауларда 280 әйел ССРО Жоғарғы Советінің депутаты, 2209 әйел одақтар және автономиялық республикалар Жоғарғы Советтерінің депутаттары, жарты миллион әйел жергілікті Советтердің депутаттары болып сайланды. Халық судьялары мен халық заседательдері құрамының 40 проценттейі әйел.

Төрт жүз мыңнан астам әйел халық шаруашылығының әр саласында инженер-техник болып істейді. Жүздеген мың әйел көлхөз басқармаларының председателдері мен мүшелері, бригадирлері, ферма меңгерушілері, МТС-тердің директорлары, тракторшылары, комбайншылары болып істен жүр. Бір миллионнан астам әйел мұғалім болып, миллиондай әйел денсаулық сақтау орындарында істейді, агрономдардың 40 проценті әйелдер.

Әйелдер университеттерде, институттарда, ғылыми-зерттеу институттарында ен-

дысында және Қазақстан КП VII съезінде айқын белгіленді. Ендігі міндет—сол белгіленген шараларды уақытында бұлжытпай орындау.

Социалистік демократияның буржуазиялық демократиядан көп айырмашылығы барлығының тағыда бір себебі сол—тек ССРО Конституциясы совет азаматтарының сөз, баспасөз, жыйналыс және митинг жасау, көшеде топ құрап жүру правосының сөз жүзінде емес, іс жүзінде баянды етті. Совет заңы әрбір азаматтың меншігіне ешкімнің қол сұқпауын, хат-хабар құпиялығын сақтауын қамтамасыз етеді.

ССРО азаматтарының сайлау правосы Конституцияда толық айтылған. Бізде сайлауға қатысуға және сайлануға ешқандай шек қойылмайды. Жасы 18-ге толған әрбір азаматтың сайлауға, жасы 21 жасқа толған әрбір азаматтың сайлануға правосы бар.

Капиталистік елдерде азаматтардың сайлау правосына көптеген шектер қойылады. Барлық азаматтар сайлауға бірдей қатыса алмайды. Мысалы, АҚШ конституциясы жалпыға бірдей сайлау системасы туралы сөз еткенде, сайлау правосы кімге берілген, оған кім қатыса алмайды. Міне, осыны ашып айтпайды. Сөйтпін, АҚШ-та он миллиондаған азаматтар сайлауға қатыса алмайды.

Социалистік қоғамның негізгі мақсаты—совет халқының материалдық және мәдени тұрмысын жақсарту. Осыған байланысты әрбір совет азаматы совет заңын орындауға, еңбек тәртібін нығайтуға, қоғам мүлкін көздің қарашығындай сақтауға, социалистік ұлы Отанымызды аброймен қорғауға міндетті. Біздің қоғамда адамның жағдайын, оның еңбегі белгілейді. Сондықтан әрбір совет азаматы қоғамға барыпша адал еңбек етуге тиіс.

Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған Үндеуін облысымыздың еңбекшілері зор саяси өрлеу үстінде қарсы алды. СОКП Орталық Комитеті өзінің Үндеуінде барлық сайлаушыларды, 1954 жылғы 14 март күні сайлау урналарына келіп, коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына тегіс дауыс беруге, сайлау күнін бүкілхалықтық мейрамға айналдыруға шақырады. Орталық Комитеттің бұл шақыруына іспен жауап беру—әрбір сайлаушының ардақты борышы.

Ә. НҰРМҰХАМЕДОВ.

ТЕМІРЖОЛШЫЛАРДЫҢ МӘДЕНИ БРИГАДАСЫ

АҚМОЛА, 25 февраль. (ҚазТАГ). Селолық клубтың сахнасында өндер шықпалуда. Әншілерден кейін сахнаға бишілер шығады. Сары-Оба селосының сайлаушылары Қарағанды темір жол басқармасының мәдениет бригадасы концертіне қатысушыларды жылы шырақпен қарсы алды.

Бригада Вишневский ауданының Но-

во-Владимировка, Ольгинка, Николаевка және басқа селоларында оған астам концерт берді. Мәдениет бригадасының лекторлары селолық сайлаушылар алдында Совет Конституциясы туралы, ССРО еңбекшілерінің правосы мен міндеттері, халықаралық жағдай туралы лекциялар оқыды.

Жолдың станцияларында 6 мәдениет бригадасы ұйымдастырылды. Олар облыстың алыстағы селолары мен ауылдарында тұратын сайлаушыларды қамтуда. Теміржолшылардың мәдениет бригадасы Атбасар, Ақмола, Есіл, Молотов, Еркіншілік аудандарының сайлаушыларында болып қайтты.

қарсы күреске үндеді. Мәселен, ол өзінің «Гайдамактар» атты поэмасында сол кезде поляк пандарының езушілігінде болған оң жағалаудағы Украинада 1768 жылы болған шаруалар көтерілісін суреттеді. Тарихи оқиғаларды зор шынайлықпен көрсете отырып, Шевченко украин халқының поляк пандарының әлеуметтік және ұлттық езушілігіне қарсы ерлік күресін, олардың барлық украин халқы сыяқты ұлы орыс халқымен қайта қосылуға деген ынталылығын айқын баяндай білді.

Т. Г. Шевченко украин халқының ерлік тарихымен қатар өзі өмір сүрген кездегі халықтың царизм мен крепостнойлық құрылысқа қарсы күресін жырлаған ақын. Ол өзінің 1844 жылы жарыққа шыққан «Түс» атты сатиралық поэмасында украин жерінің тамаша көркем табиғатын басыбайлы шаруалардың ауыр тұрмысымен қарама-қарсы қойып суреттейді. Осылайша суреттеу арқылы ол шаруалардың ауыр езушілікте отырғандығын айқын көрсетіп, оларды қанаушыларға қарсы күреске үндеді. Со-

СЕЛОЛЫҚ ОҚУ ҮЙІ

Чистян селолық Советі жанындағы оқу үйі Конохов ауданындағы үлгілі оқу үйлерінің бірінен саналады. Оқу үйі колхозшы шаруалар арасында үгіт-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізудің орталығы болып отыр. Оқу үйінің меңгерушісі, әрі колхоздағы бастауыш комсомол ұйымының секретарі А. Морозникова жолдас оқу үйі жұмысын еңбекшілердің мәдени тілегін қанағаттандыруға бағыттап жүргізуде. Бұл оқу үйі, әресе, ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына дайындық кезінде сайлаушылар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде партия ұйымына іс жүзінде көмек көрсетіп келеді. Оқу үйі-

Көңілді кештер

Қаладағы ауылшаруашылық техникумының студенттері үшін еліміз ауыл шаруашылығының табыстарын және ауылшаруашылық озаттарының іс әдістерін баяндайтын ғылыми картиналар көрсету кештері жиі өткізіліп тұрады. Жуырда техникум студенттері үшін «Жасыл шаршылар туралы әңгіме» кинокартинасы көрсетілді. Бұл картина-

Қарт колхозшының өнегелі ісі

Татанов Нұртай — «Бұлақ» ауылшаруашылық артелінің (Ленин ауданы) қарт колхозшыларының бірі. Жасының ұлғайғанына қарамастан ол колхоздың еңбек даласында қажырлылықпен еңбек етіп, колхозшылардың құрметіне бөленген.

Кәзір Татанов жолдас колхоздың

Украин халқы Коммунистік партияның басшылығымен 1917 жылы капиталистік құлдықтың бұғауын бұзып, барлық совет халқы сыяқты бостандық өмір құруға мүмкіншілік алды. Ұлы ақын өз жырында арман еткен дәуір Ұлы Октябрь революциясының нәтижесінде орнады.

Біздің ұлан-байтақ елімізде Украинаның кеменгер ақыны, революционер-демократ Т. Г. Шевченконы білмейтін түпкір жоқ. Оның халық мүддесін жырлаған шығармалары Совет Одағы халықтарының барлық тіліне аударылып, бұл шығармалар совет халқының даңқты мәдени мұрасына айналды. Оның творчествосының асыл мұралары тек біздің дәуірімізде ғана тиісті жоғары бағасын алып отыр.

Ұлы ақын Тарас Григорьевич Шевченконы совет адамдары қадірлейді. Оның туғанына 140 жыл толуын мерекелей отырып, Шевченконың есімін әрбір совет азаматы аса зор құрметпен және мақтанш сезіммен атайды.

Қ. ҚАСЕНОВ.

бораториялар атам заманғы құралдармен жабдықталған. Осы лабораториялардың басым көпшілігінде аспаптар мен аппаратуралар монархия заманынан қалғандар.

Газет профессорлар мен оқытушылардың тұрмыстық дәрежесінің өте ауырлап кеткендігіне назар аударады. 200-ден астам ғалымның өмір сүруге жеткілікті қаражаты жоқ.

АҚШ ИТАЛИЯҒА ҚЫСЫМ ЖАСАҒАН

РИМ, 5 март. (СОТА). 3 мартта премьер-министр Шельба Римдегі американдық елшісі Лосты қабылдады.

«Унита» және басқа газеттер әңгімелесудің негізгі тақырыбы «европалық қорғаныс бірлестігін» жасақтау туралы договорды ратификациялау туралы мәселе болғандығын, осымен байланысты американдық елшісі Лос «қысым жасады», ал оны американдық үкметі мен американдық баспасөзінің ашықтан-ашық айтып отырғандығын атап көрсетеді.

ХРОНИКА

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Николай Семенович Рыжов жолдасы ССРО Көпшілік тұтылатын өнеркәсіп товарларының министрі етіп тағайындалды.

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы ССРО Министрлер Советі Председателінің орынбасары А. Н. Косыгин жолдасы ССРО Көпшілік тұтылатын өнеркәсіп товарлары министрінің қызметінен босатты.

Редактордың орынбасары
Г. НҰРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«БҮРГЕНДІ ТОҒАЙ»

Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-40, 10-40-та басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«СІЛІМТІКТЕР ҚАСКҮНЕМДІГІ»
Сеанстар сағат 4-30, 6-30-да басталады.

Петропавл қаласы, Лесная көшесі, 40-үйде тұрушы Василий Александрович Тимошин Социалистік Қазақстан облысы, Октябрь ауданы, Марьевка селосында тұрушы Вера Терентьевна Тимошинадан айрылатыны жөнінде арыз берді. Іс Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

Б. МӘЖИТОВ.

С. БҮЙРАТАЕВ.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редакторлар бөлімі — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.